

«Шапалаг», Ваки, 1925, А. Анатолийский Куплеты, 2-я часть, Баку 1927, «Сказанное слово – память» Собрал и издал Джафар Рамзи Исмаилзаде, Баку, Язычы 1987, Габибоглы. В. «Маштага» Баку 2003, Мейхана «Сижу над самоваром». Собрал Баласадыг, Баку 1993, «Мейхана» Алиага Вахид и Багир Джаббарзаде, Баку, 1922. «Сказанные в театре Сатирагит мейхана Вахида», Баку 1925, Рагимова А. «Жанр мейханы в азербайджанской музыке», Баку, 2002.

Организованные Г. Алиджанзаде в 90-е годы XX века эстрадные программы «Шоу Алили», проведенные в 1991 и 1997 годах I и II Республиканский конкурс мейханы, конкурсы мейханы на радиостанции «101 Антенн ФМ», телеканалах «АНС», «АТВ» и «Спейс», различные газеты и журналы и отдельная газета «Мейхана» и сегодня помогают жить и развиваться этому любимому фольклорному образцу народа. Мейхана жила века и будет жить дальше.

Литература

- 1 Тагисой Н., Закария З. Поэтика мейханы. – Баку: Чашыоглу, 2011 (на азерб. языке).
- 2 Илкин Г. Баку и бакинцы. – Баку: Заман, 1998 (на азерб. языке).

References

- 1 Tagisoy N., Zakariya Z. Poetika meyhany. – Baku: Chashyoglu, 2011 (na azerb. yazyke).
- 2 Ilkin G. Baku i bakintsy. – Baku: Zaman, 1998 (na azerb. yazyke).

ӘОЖ:82.0:001.4 (574): 801.3

Г.С. Оралова¹, А.Қ. Әбдіразақова²

¹ф. ф. к. аға оқытушы, ²баспа ісінің магистрі аға оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., Қазақстан
e-mail: ayakuz.abdrzakova@mail.ru

Ақындық мектеп дәстүрінің Б. Өтепұлы шығармашылығына әсері

Бұл мақалада Қазалы, Арал өңірлеріндегі ақындық мектеп дәстүрінің поэтикалық табиғаты жалпы қазақ әдебиеті тарихының даму заңдылықтарынан ауытқымайтындығы айқындалған. Аталған аймақта өмір сүрген және жаңа қоғамның қалыптасу кезеңін басынан өткізген Байназар Өтепұлының шығармалары да ұлттық әдебиетіміздің рухани қазынасы болып саналады. Мақала авторлары ақындық мектеп дәстүрінің қазақ даласының барлық өңірлеріндегі ықпалды шығармашылық орта болғандықтарына жүйелі сипаттама жасаған. Байназар Өтепұлы – қазақтың ақындық поэзиясы дәстүрі жолының көркемдік жалғастығы жүйесінде өзіндік шығармашылық мұрасын қалыптастырған тұлға екендігі ашылған. Б. Өтепұлының шығармашылық ерекшеліктері қазақ әдебиеті тарихындағы дәстүрлі сипаттар бойынша танылатындығы баяндалады. Ақынның әдеби мұралары негізінде ақындық поэзия дәстүрінің көркемдік жалғастығы жүйесінің үздіксіз шығармашылық қозғалыстағы болмысы айқындалады. Қазақ халқының талай мыңжылдықтар белестерінен өткен, енді қазіргі жаңа тарихының мәңгілік болашаққа ұласатын даңғыл жолында ақындық поэзия дәстүрінің ұлттық сипатын сақтай, жаңғыра жалғаса беретіні айқындалады.

Түйін сөздер: ұлттық байлық, ұлттық ерекшелік, фольклор, ұлттық поэзия, ұлттық сипат, стиль, классикалық әдебиет, дәстүр.

Г.С. Оралова, А.К. Абдразахова

Значение традиционной поэтической школы в произведениях Б. Отепұлы

В данной статье прослеживается традиция поэтических школ в регионах Казалы и Арала, которая тесно связана с закономерностями истории развития казахской литературы в целом. Творчество Байназара Отепұлы, жившего в названном регионе, отражает процесс становления нового общества и является духовной сокровищницей национальной литературы. Авторы статьи дали системное описание творческой среды, созданной поэтическими школами. В работе доказывается, что Байназар Отепұлы оставил в истории словесности своеобразный почерк. Творчество поэта рассматривается в контексте традиции акынской поэзии. Акынская поэзия будет развиваться и в дальнейшем наравне с казахской поэзией.

Ключевые слова: национальное богатство, национальные особенности, фольклор, национальная поэзия, национальный характер, стиль, классическая литература, традиция.

G. S. Oraloba, A. K. Abdrazakoba

The meaning of traditional poetic school in B. Otepuly's works

The tradition of poetic schools in Kazaly and Aral regions which is closely connected with regularities of history of development of the Kazakh literature as a whole is traced in this article. Baynazar Otepuly's creativity living in the called region, reflects process of formation of a new society and it is a spiritual treasury of national literature. Authors of the article gave the systemic description of the creative environment made by poetic schools. In this work it is proved that Baynazar Otepuly left a peculiar handwriting in the history of literature. Poet's work is considered in a context of poetry tradition. Akyn's poetry will be developed and further on an equal basis with the Kazakh poetry.

Key words: national wealth, national characteristics, folklore, National poetry, national character, style, classical literature, tradition.

Ақындық мектеп – әдеби дамудағы көркемдік ойлау дүниетанымы, көзқарастары, стильдік мәнері үндес қалыптасқан шығармашылық жеке

тұлғалардың эстетикалық дәстүрі. Ақындық мектеп ұғымының аясында стиль, ағым, бағыт категориялары қамтылады. Бұл орайда акаде-

мик З.Қабдоловтың пікірін басшылыққа аламыз: «... стиль – бір жазушыға тән творчестволық ерекшелік болса, ағым – бірнеше жазушыға тән творчестволық бірлік; стиль – әр жазушының дара қасиеті болса, ағым – әр жазушының ортақ сипаты; стиль – жалқыға тән ұғым болса, ағым жалпыға тән ұғым; стиль – әр жазушының әдеби беті болса, ағым – әр жазушының әдеби бағыты» [1. 346]. Ақындық мектеп дәстүрі қазақ әдебиеті дамуының біртұтас жүйесіндегі осындай әралуан бояулы өрнектерді қалыптастырды. Сондықтан да, ұлттық әдебиеттің көркемдік мазмұнынан, шығармашылық тұлғалардың даралық стильдерінен құралған ортақ бағыттағы ағымдық көзқарастарды танимыз.

Қазақстанның барлық аймақтардағы сөз өнері мұралары осындай теориялық тұжырымдарға сәйкес бағаланады. Мысалы, Сырдария өзенінің төменгі атырабы және Арал теңізі айналасы төңірегіндегі ақындық өнер мұраларында осындай ерекшеліктер анық аңғарылады. Қазалы, Арал өңірлеріндегі ақындық мектеп дәстүрінің поэтикалық табиғаты жалпы әдеби даму заңдылықтарынан ауытқымайды. Қазалы, Арал, өңірлері – қазақ халқының ежелгі тарихынан бергі негізгі атамекендері. Профессор Е.Исмайылов ақындық орта, дәстүр мәселелерін саралай келіп, қоршаған табиғаттың, жаратылыстың ықпалына да ерекше баға береді: «...талант оянып, ақындық орта жасалуына қосымша көп себептердің бірі – қолайлы географиялық орта. Әдемі таулы, өзенді, дария, теңізді жерлер ақындық көркемдік сезімнің ерте оянып, қалыптасуына әсер ететіні сөзсіз. Көкшетау, Баян, Шыңғыс, Қарқаралы, Қаратау, Алатау, Жайық, Сырдария, Каспий, Арал бойлары – ақындық жыр, ән-күйге таусылмас тақырып, аңыз, мотив беріп келе жатқаны тегін емес» [2, 97].

Демек, Қазалы, Арал аймағы ақындарының шығармашылық ерекшеліктері де қазақ әдебиеті тарихындағы дәстүрлі сипаттар бойынша танылады.

Ақындық мектеп – көрнекті шығармашылық тұлғалардың ықпалымен қалыптасатын көркемдік дәстүр. Қазіргі Қызылорда облысы өңірінде халыққа танымал болған көрнекті ақындардың есімдерімен аталатын бірнеше ақындық мектептер дәстүрі бар. Олар әдеби бағыттары тектес ақындар. Бұл ақындардың поэтикалық мәнері, исламдық-ағартушылық бағдардағы дидак-

тикалық сарындары үндес болды. Белгілі географиялық аймақтағы ақындардың әдеби мектептер жүйесін қалыптастырған топтарын хронологиялық уақыт сабақтастығы тұрғысында жіктейміз, жүйелейміз. Аталған аймақтарғы ақындық мектептер өкілдерін шартты түрде былайша жіктеп қарастыруға болады:

Біріншісі – дәстүрлі жыраулық-ақындық поэзияны ислам ағартушылығы, Шығыстың фольклоры мен классикалық әдебиеті дәстүрлерімен ұштастырған тұлғалар. Мысалы:

1. Базар Оңдасынұлы (1984-1911), Ерімбет Көлдейбекұлы (1844-1916), Тұрымбет Салқынбайұлы (1868-1946), Темірбай жырау (1868-1933), Даңмұрын Кенжебекұлы (1870-1923), Жүсіп Ешниязұлы (1871-1927), Жүсіп Кәдірбергенұлы (1873-1923), Рахмет Мәзхожаев (1881-1976), Жаңаберген Бітімбайұлы (1886-1946), Нұртуған Кенжеғұлұлы (1887-1930), Құлжан Келімбердіұлы (1887-1969), Айманкүл Тәжібаева (1888-1952), Әлібек Бәйкенов (1889-1944), Жалғасбай Аралбаев (1843-1984), Қуаныш Баймағамбетов (1895-1973), Жәмет Сайымкүлұлы (1895-1970), Төлеубай Үркімбаев (1898-1956), Кенжеқожа Құлмырзаев (1898-1945), Қали Нұрпейісов (1890-1968) және т.б.

Екіншісі – ақындық поэзия мен кәсіби жаңа жазба әдебиет дәстүрлерін ұштастырған тұлғалар. Мысалы:

2. Нұрсұлтан Жұбатұлы (1900-1974), Молдағали Құлмұрзаев (1900-1974), Байназар Өтепұлы (1903-1984), Дәріғұл Өміркүлұлы (1904-1957), Мұзарап Жүсіпов (1905-1972), Нұғыман Молыбаев (1906-1975), Әбзәлі Егізбаев (1907-1945), Смағұл Исаұлы (1907-1958), Бердалы Оразалиев (1914-1961), Әбділда Жүргенбаев (1914-1984), Асқар Қожахметов (1915-1975), Әбілхан Маханұлы (1922-1991), Смағзам Қоразов (1928-1965) және т.б.

Арал, Қазалы өңірлері ақындары шығармаларының аймаққа жыршылық-термешілік өнер арқылы таралуы, ұрпақ тәлім-тәрбиесі қызметіне жұмсалуды Сырдария және Амудария өзендері аралығындағы, одан бергі Қаратау атырабындағы дәстүрлі ақындық мектептердің ұстанған бағытымен тығыз байланысты. Бұл – қазақ әдебиеті тарихын құрайтын дәстүрлі ақындық мектептер жүйесінің көрсеткіші. Бұл орайда, «Сыр бойының жыраулық-жыршылық дәстүрі» атты зерттеу жазған ғалым Б.Жүсіповтің Сыр бойындағы дәстүрлі мектептер тура-

лы айтқан пікірін назарға аламыз: «Сырдың жыраулық-жыршылық дәстүрі жергілікті атау ретінде Жиенбай, Нартай, Сәрсенбай, Нұртуған ақындардың жыр мектебі болып төрт топқа бөлініп жүр.

...Ғасырдың басында Сыр бойының бір ауылынан ғана жүзден аса ақын-жыршылардың бой тіктегенін ескерсек, аталмыш төрт мектептің ара салмағы шарттылана бермек. Әрбір өнер өкілдері, тұлға – жеке мектеп негізін қалаушылар. Аталмыш төрт мектеп өкілі заманының оза шапқан көрнектілерінің бірі деп ұғуымыз шарт» [3, 10].

Бұл–қазақтарихының XIX–XX ғасырлардағы кезеңдерінде өзара жалғаса, сабақтаса өркендеген ақындық өнер дәстүрінің көрсеткіші. Бұлар – ақындық тағылымы, халықтың эстетикалық талғам таразысы арқылы уақыт сынынан өткен тұлғалар. Әрине, әрқайсысының артында қалған әдеби мұраларының көлемдері де біркелкі емес, әр түрлі, әр көлемде. Бірақ, осы дәстүрлі халықтық поэзия өкілдерінің шығармаларын ақындық мектептер тұрғысында бағалау орынды секілді. Себебі, осылардың ішінде Қазалы, Арал өңірлерін мекендеген қазақ ауылдарының арасында ұлттық тарихымыздың Алтын Орда дәуіріндегі жыраулық-ақындық поэзия дәстүрінің ықпалы көбірек сақталғаны аңғарылады. Сырдария өзенінің төменгі ағысы мен Арал теңізі жағалаулары алқаптарындағы жыраулық, жыршы-ақындық поэзияда сол кезеңнің тарихына құрылған сюжетті тарихи жырлар мол сақталған. Терме-толғауларды, дастандарды орындаудағы термешілер, жыршылардың мақамдары мен саздары да Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Зерттеуші Б.Жүсіпов Сыр бойындағы дәстүрлі жыршы-ақындар мектептерінің үздіксіз жалғасқан жолын саралай келіп, сөзіміздің нысанындағы аймақтың ақындық мектеп туралы былай дейді: «...қазіргі таңда жыр құмар қауымның санасында қайта жаңғырығып, маржан жыр, мақпал мақаммен жан дүниенді лезде баурап әкететін өзінің бірнеше циклдық жырлардан (ноғайлы жырлары мен тарихи тақырыптағы жырлар) тұратын қалыпты репертуары бар Сырдың ірі жыраулық мектептерінің бірі. Бір шеті Қарақалпақ, Шымбай, Өзбекстан, Торғай; – енді бір шеті Қазалы, Сексеуіл Шалқар, Ақтөбе төңірегін түгел дерлік қамтып жатқан

Арал өңіріндегі Бәйімбет Нұртуған ақынның жыраулық мектебі» [4, 19].

Арал, Қазалы өңірлеріндегі аталған осы ақындық мектептің көрнекті тұлғасы Байназар Өтепұлының шығармалары да ұлттық әдебиетіміздің рухани қазынасын құрайды. Өтепұлы Байназар (1903–1984) – қазақтың ақындық поэзиясы дәстүрі жолының көркемдік жалғастығы жүйесінде өзіндік шығармашылық мұрасын қалыптастырған тұлға. Ол қазіргі Қызылорда облысы Қазалы ауданына қарасты Сарытөбе атанған Аранды мекенінде дүниеге келген. Әкесі Егізекбаласы Өтеп диханшылық кәсібімен жұртшылыққа сыйлы болған, балаларының (Әлеш, Әлназар, Ерназар, Байназар) да тиянақты азаматтар болып қалыптасуына ықпал еткен.

Байназар әуелде ауыл молдасынан сауатын ашып, 1918–1920 жылдар аралығында. Қазалы қаласындағы татар медресесінде оқып білім алған. 1920 жылы Қазалыдағы мұғалімдер дайындайтын бір жылдық курсты бітірген. Осы жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбордан келген білімді ұстаздардан дәріс алуы, Бүкіл Шығыс жастарының көсемі Ғани Мұратбаевпен диалогтасуы оның қоғамдық-әлеуметтік және әдеби шығармашылық дүниетанымының кеңеюіне зор әсер еткен.

1925–1929 жж. Ақтөбе – Қостам болыстығының жауапты хатшысы, 1929–1932 жж. «Қаракөл» (Құланбай балық колхозы) серіктестігі, Аралдағы «Мардыма» балық кооперациясының төрағасы қызметін атқарған. 1933–1934 жж. «Қожабақы» бастауыш мектебінің меңгерушісі және Сырдарияның сол жағалық мектептерінің оқу бөлімінің инспекторы қызметтерін атқарған. Ол – қазіргі Қожабақы аулындағы №25 қазақ орта мектебінің негізін қалаған алғашқы меңгерушісі, әрі мұғалімі.

Байназар Өтепұлының шығармашылығы – өзі оқып білім алған, тәлім-тәрбиесінің ықпалы сінген Кеңес заманымен үндес мұра. Оның шығармашылығындағы өлеңдерінің, жазбаша айтыстарының, дастандарының мазмұны мен пішіні жүйесінде замандастарының уақыт қозғалыстарымен үндескен іс-әрекеттері, жан дүниесі поэтикалық сыршылдықпен жырланды. Ақынның барлық шығармаларына ортақ өзекті желі – адам еңбегінің құдіреті. Ғани дүниенің бүкіл сұлулығын танытатын, адамның дене және ой еңбегі бірлігінен құралған қоғамдық-

элеуметтік тұлғасын лирикалық және эпикалық сипатпен жырлауы арқылы ақын жаратылыс қозғалыстарының барлығына да ақыл-ой ықпалымен әсер ететін адамзат болмысының аса құдіретті келбетін дәлелдейді.

Қазақ әдебиеті тарихындағы ақындық мектептер өкілдерінің барлығы ұлттық сөз өнері тарихындағы бұрынғы және тұстас көрнекті шығармашылық тұлғаларды өнеге, үлгі тұтады. Б.Өтепұлының «Бұл думан ақын-жыршы қосқан басын», «Жүйрігі Асқар ақын біздің Сырдың» («Асқарға»), «Өткір тіл, өр мінезді Нұғыман ақын» («Нұғыманға»), «Жыр бұлағы» және т.б. шығармалары бар. Бұл өлеңдерде қазақ поэзиясындағы ақындық мектептерге ортақ ұлттық мақтаныш, құрмет сезімі жырланады. Яғни, қазақ ақындарының барлығы да мекендеген жерлерінің шалғайлығына қарамастан ұлттық әдебиеттегі ұстаздық өнегесі анық тарихи тұлғаларды ардақтай сөз арнайды.

Ақындар – қазақ тарихының әр кезеңдерінде барлық аймақтарымызда өмір сүрген шығармашылық тұлғалардың тарихи сабақтастығын жырлайды. Қазақтың байтақ даласының қай қиырында жүрсе де барлық ақындар сөз өнерін халықтың рухани сұранысын қанағаттандыру үшін жұмсаған. Байназар Өтепұлы қазақ мәдениетіндегі ұлтқа ортақ тарихи тұлғаларды әрі даралай, әрі саралай жырлайды:

...Айтыс-жыр, ежелден де атам салты,
 Өлі жүр, халық аузында жоймай пәсін.
 Атасы айтыс-жырдың Біржан, Сара,
 Осылар бастағандар ең алғашын.
 Дамытып айтыс жырды жалғастырған,
 Сүйінбай, Тезек төре, Жарылғасын.
 Даңмұрын, Балқы Базар, Майлықожа,
 Қозғалтқан құдіретті сөзбен таудың тасын,
 Ерімбет, Тұрмағамбет, Омар, Жүсіп,
 Үйгендер жыр діңгегін сұлпы басым.
 Шернияз, Әбубәкір, Қабақ Көбес,
 Сөзімен тартқан халықтың ықыласын.
 Еспембет, Қаңлы Жүсіп, Нұртуғандар,
 Жүйрік – деп, халық айтады – Байұлы
 Қашым.

Дүниеден өздері өгіп кеткенменен,
 Қалдырған халыққа мұра сөз тазасын.
 Атасы – ақындардың Абай, Жамбыл,
 Жер жүзі білді олардың даңазасын.
 Ертеде Арқада өткен Бұқар жырау,
 Оқысаң ақыл-кеңес шығармасын.

Кезінде құрмет тұтар дәуір болмай,
 Өткізді армандаумен өмір жасын
 Қазіргі халқым осы мұралардың
 Көтерді ең биікте дулығасын [5, 75-76].

Ақынның өлеңіндегі бұл жолдар сөз өнері тұлғаларына тән дәстүрлі құрметтеу сезімінің жалғастығын дәйектеп тұр. Қазақ әдебиетінің көп ғасырлық тарихын құрайтын әдеби дамудағы бұл үрдіс тұрақты сақталып келе жатқандығын аңғарамыз. Ежелгі замандардан өзіне дейін жеткен әдеби-фольклорлық мұраларды үлгі-өнеге тұтқан шығармашылық тұлғалар сол арқылы өздерін жетілдіреді. Қазақ сөз өнеріндегі көркемдік дәстүрлердің жалғасуында дараланған поэтикалық тағылым осылайша даламыздың барлық түкпірлеріндегі ақындық мектептердің көркемдік шеберлікке шындалуына игі әсерін тигізеді. Байназар Өтепұлының Жамбылға арнаған өлеңінен де ұлттық поэзиямыздың бүкіл қазақ халқына пайдасы мол эстетикалық-поэтикалық тәлім-тәрбиелік ықпалы анық аңғарылады:

Қадірлі жүз жасаған қарты көптің,
 Қажымай халқың үшін жырды төктің...
 Халқыңмен қайғы, мұнда ортақ болып,
 Бостандық, еркін дәуірді армен еттің...
 ...Алыбы өлең-жырдың деген атың,
 Жазылды тарихына келешектің.
 Көрсетіп көркем жырдан өнегенді,
 Үйретіп жас ұрпаққа ұрпақ септің...
 ...Тірісің, өлген жоқсың мұраң анық,
 Атыңды алтынменен жазды тарих.
 Мыңдаған жас жеткіншек жырауың бар,
 Жырыңды жырлап жүрген үлгіңді алып.
 ...Жер жүзін көркем жырың аралады,
 Нұрымен шұғылалы қуаттанып.
 Жырың жүр күнделікті ісімізде,
 Шындық сыр жүрегіңнен шыққан жарып
 Әр сөзің ұрпақтарға үлгі, өнеге,
 Оқимыз өлеңіңді құмарланып [5, 104-105].

Ақындық мектептердің ықпалы әуелде ауылға, кейіннен аймаққа, одан әрі тұтас халықтың барлық атыраптарындағы ортасына таралады. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясы дамуының әдеби ықпалдастық жүйесінде де осындай дәстүрлі сабақтастықты байқаймыз. Ақындардың шығармашылығында XIX–XX ғғ. кезеңдеріндегі көрнекті ақын-